

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдау схемасы мен тәртібін бекіту туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар аудандық әкімдігінің 2015 жылғы 16 қыркүйектегі № 428 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 16 қазанда N 3415 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 27 желтоқсандағы № 344 қаулысымен

Ескеरту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы әкімдігінің 27.12.2023 № 344 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңының 14-бабы 3-тармағының 3-1) тармақшасына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:


1. Қосымшаға сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдау схемасы бекітілсін.
2. Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың қоса берілген тәртібі бекітілсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі


Б. Жұмабеков

Солтүстік Қазақстан облысы
Қызылжар ауданы әкімдігінің 2015
жылғы 16 қыркүйектегі № 428
қаулысына қосымша


**Асаново ауылының "Асаново орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне
Малое Белое ауылынан, Михайловка ауылынан, Толмачевка ауылынан, Плоское
ауылынан балаларды тасымалдау схемасы**



Бескөл ауылының "Бескөл орта мектеп-гимназиясы" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне, "№2 Бескөл орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне, "Парасат" мектеп-лицеейі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Бәйтерек ауылынан балаларды тасымалдау схемасы



Вагулино ауылшының "Вагулино орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне
Красноярка ауылынан, Кустовое ауылынан балаларды тасымалдау схемасы



Вагулино ауылшының "Вагулино орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне
Желяково ауылынан балаларды тасымалдау схемасы

Желяково ауылы



Вагулино ауылы

Вагулино орта
мектебі

Вагулино ауылының "Вагулино орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне
2-ші Красный Яр ауылынан балаларды тасымалдау схемасы



Вагулино ауылы

Вагулино орта
мектебі

Кондратовка ауылының "Кондратовка орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Боровское ауылынан балаларды тасымалдау схемасы



Новоникольское ауылының "Новоникольск орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Трудовое ауылынан балаларды тасымалдау схемасы




Рассвет ауылының "Рассвет орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Семипалатное ауылынан балаларды тасымалдау схемасы




Рассвет ауылының "Рассвет орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне
Водопроводное ауылынан балаларды тасымалдау схемасы



Виноградовка ауылының "Сивково орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік
мекемесіне Сумное ауылынан балаларды тасымалдау схемасы




Знаменское ауылының "Совхозное орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік
мекемесіне Байсал ауылынан балаларды тасымалдау схемасы




Чапаево ауылының "Чапаево негізгі мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне
Трудовая Нива ауылынан балаларды тасымалдау схемасы



Барневка ауылының "Барnevka бастауыш мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Гончаровка ауылынан балаларды тасымалдау схемасы



Петропавл қаласының "Мұрат Айтхожин атындағы №1 жалпы білім беретін инновациялық орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне, "№2 орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне, "№7 орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Кривозерка ауылдан балаларды тасымалдау схемасы



Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдау тәртібі

1. Жалпы ережелер

1. Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың осы Тәртібі (бұдан әрі – Тәртіп) "Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңының 14-бабы 3-тармағының 3-1) тармақшасына, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 3 шілдеде № 11550 тіркелген "Автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қагидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 26 наурыздағы № 349 бұйрығына сәйкес өзірленген және келесі негізгі ұғымдар пайдаланылады:

тасымалдауши – меншік құқығымен немесе өзге де заңды негіздерде автокөлік құралдарына иелік етуші, жолаушыларды, багажды, жүктөрді немесе поштаны тасымалдауда ақыға немесе жалға қызметтер көрсететін заңды немесе жеке тұлға;

балаларды тасымалдау бойынша қызмет көрсетуге тапсырыс беруші (бұдан әрі - тапсырыс беруші) - балаларды арнайы тасымалдауды ұйымдастыруға жауапты жеке немесе заңды тұлғалар.

2. Тасымалдаушыларға және автокөлік құралдарына қойылатын талаптар

2. Балаларды тасымалдау осы Тәртіптің талаптарына сәйкес жабдықталған автобустармен, шағын автобустармен және әрбір балаға отыратын жеке орын беріле отырып жүзеге асырылады.

3. Балаларды тасымалдау мынандай жағдайда ұйымдастырылады егер: автомобиль жолдарының өткізу қабілеті автобустардың тұрақты қозғалысын жүзеге асыруға мүмкіндік берсе;

автомобиль жолдарының жай-күйі және оларды жайластыру жол қозғалысы қауіпсіздігінің талаптарына сәйкес келсе.

4. Балаларды тасымалдауға мынандай тасымалдаушылар жіберіледі:

1) Қазақстан Республикасының автомобиль көлігі туралы заңдарына сәйкес біліктілігін және кәсіби жарамдылығын растайтын құжаттары;

2) тасымалдың тиісті түрін жүзеге асыруға жарамды және техникалық регламенттердің талаптарына сай келетін автокөлік құралдары бар тасымалдаушылар жіберіледі.

5. Балаларды тасымалдау үшін мынадай жүргізушилерге рұқсат етіледі:

1) жасы жиырма бес жастан кем емес, тиісті санаттағы жүргізуши қуәлігі және жүргізушиңің бес жылдан кем емес жұмыс өтілі бар;

2) автобустың жүргізушиі ретіндегі кемінде соңғы үш жыл үздіксіз жұмыс өтілі бар;

3) соңғы жыл ішінде еңбек тәртібін және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 13 қарашадағы "Жол жүрісі қағидаларын, Көлік құралдарын пайдалануға рұқсат беру жөніндегі негізгі ережелерді, көлігі арнайы жарық және дыбыс сигналдарымен жабдықталуға және арнайы тұсті-графикалық схемалар бойынша боялуға тиіс жедел және арнайы қызметтер тізбесін бекіту туралы" № 1196 Қаулысымен бекітілген Жол жүрісі қағидаларын өрескел бұзбаған.

6. Балаларды тасымалдау үшін бөлінген автобустардың техникалық жай-күйі, техникалық қызмет көрсету өткізуіндегі көлемдері мен мерзімдері, жабдықтары "Автомобиль көлігі туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 13-бабының 23-10)-тармақшасына сәйкес автомобиль көлігі саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органмен бекітілетін Автокөлік құралдарын техникалық пайдалану ережесімен белгіленген талаптарға жауап беруі тиіс.

Балаларды тасымалдауға арналған автобустардың кемінде екі есіктерінің және мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау объектілерінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге, гигиеналық нормативтерге және (немесе) техникалық регламенттерге сәйкестігін (сәйкес еместігін) куәландыратын құжатының болуы, сондай-ақ мыналармен жабдықталуы тиіс:

1) автобустың алдында және артында орнатылуы тиіс "Балаларды тасымалдау" деген төрт бұрыш айыратын белгімен;

2) сары тұсті жылтыр шағын маяғымен;

3) әрқайсысының сыйымдылығы кемінде екі литр болатын оңай алынатын ерт сөндіргіштермен (біреуі - жүргізушиңің кабинасында, басқасы – автобустың жолаушылар салонында);

4) екі алғашқы көмек дәрі қобдишаларымен (автомобильді);

5) екі жылжуға қарсы тіректермен;

6) авариялық тоқтау белгісімен;

7. Балаларды тасымалдау кезінде пайдаланылатын автобустарда, шағын автобустарда мыналар болуы тиіс:

1) ешқандай кедергісіз ашылып, жабылатын жолаушылар салонының есіктері мен авариялық люктер. Есіктерде өткір немесе олардың бетінен алыс тұрған шығынқы жерлер болмауы тиіс;

2) жабық жай-күйде жүргізушиңің кабинасы мен жолаушы салонына жауын-шашиның түсін толық болдырмайтын тәбе, авариялық люктер және терезелер;

3) берік бекітілген тұтқалар және отырғыштар;

4) жолаушыларға арналған креслолардың отырғыштары мен арқалықтарының таза және жыртықсыз тыстары;

5) тегіс, шығынқы жерлері немесе бекітілмеген бөлшектері жок баспалдақтары мен салонның едені.

Салон еденінің жамылғысы жыртықсыз материалдан жасалуы тиіс;

6) шаңнан, кірден, бояудан және олар арқылы көруді төмендететін өзге де заттардан тазартылған терезелердің мөлдір шынылары;

7) жылдың сүйк мезгілінде жылдытылатын және ыстық мезгілінде желдетілетін, құрал-сайман және қосалқы бөлшектер тиелмеген жолаушылар салоны.

8. Қазақстан Республикасының аумағында автокөлік құралдарын пайдалануға олардың иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі міндettі сақтандырылған жағдайда ғана жол беріледі. Жолаушылар мен бағаж тасымалдауды жүзеге асыру үшін пайдаланылатын автокөлік құралдарымен жол жүрген кезде жолаушылардың өміріне, денсаулығына және мүлкіне келтірілген зиян үшін тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігі де міндettі сақтандырылуға жатады.

3. Балаларды тасымалдау тәртібі

9. Оқу орындарына тасымалдауды ұйымдастыру кезінде тасымалдаушы жергілікті атқарушы органдармен және оқу орындарының әкімшілігімен бірлесіп маршруттарды және балаларды отырғызуудың және түсірудің ұтымды орындарын белгілейді.

10. Автобусты күтіп тұрған балаларға арналған алаңшалар, олардың жүріс бөлігіне шығуын болдырмайтындей жеткілікті үлкен болуы тиіс.

11. Балаларды оқу орындарына тасымалдауға тапсырыс беруші балаларды отырғызу және түсіру орындарының жай-күйін тұрақты тұрде (айна кемінде бір рет) тексереді.

12. Егер балаларды тасымалдау тәуліктің қараңғы мезгілінде жүзеге асырылса, онда алаңшалардың жасанды жарығы болуы тиіс.

13. Күзгі-қысқы кезеңде аландар қардан, мұздан, кірден тазартылуы тиіс.

14. Балаларды тасымалдау кезінде автобустың жүргізушісіне рұқсат етілмейді :

- 1) сағатына 60 километр артық жылдамдықпен жүрге;
- 2) жүру маршрутын өзгертуге;
- 3) балалар бар автобус салонында қол жүгі мен балалардың жеке заттарынан басқа кез келген жүкті, бағажды немесе мүкәммалды тасымалдауға;
- 4) автобуста балалар болған кезінде, соның ішінде балаларды отырғызу және түсіру кезінде автобус салонынан шығуға;
- 5) автобуспен артқа қарай қозғалысты жүзеге асыруға;
- 6) егер ол көлік құралының өздігінен қозғалуын немесе оны жүргізуі жок болғанда пайдалануын болдырмау шараларын қолданбаса, өз орнын тастап кетуге немесе көлік құралын қалдыруға;

15. Тапсырыс беруші балаларды тасымалдайтын әрбір автобусқа балалармен оларды жеткізу орнына дейін алып жүретін, тапсырыс беруші-ұйым қызметкерлерінің немесе ата-аналарының ішінен жауаптыларды белгілейді (мектепке, өзге білім беру үйімдарына балаларды тұрақты тасымалдауды жүзеге асырган кезде жауапты ретінде еріп жүрушілер үшін арнайы нұсқама алған жоғары сынып оқушыларын белгілеуге жол беріледі).

16. Балаларды алып журуі үшін тапсырыс беруші белгілеген адамдар балаларды автобуспен тасымалдау қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша арнайы нұсқама алады.

17. Нұсқаманы жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге немесе тасымалдаушыға тиесілі көлік құралдарын пайдалануға жауапты адам жүргізеді.

Нұсқаманың өткізілуі туралы белгі және нұсқама алған тұлғаның қолы нұсқаманы есепке алу туралы арнайы журналға қойылады. Ілесіп жүрушілер нұсқаманы өтпесе, автобустар тапсырыс берушіге ұсынылмайды.

18. Нұсқаманы өту кезінде мынадай тәртіп егжей-тегжейлі жазылады:

- 1) автобустардың отырғызу орындарына берілуі, балаларды отырғызу және түсіру ережелері;
- 2) автобуста қол жүгін орналастыру және бағажды тасымалдау;
- 3) автобус салонында болғанда, балалардың жиналу, отырғызу және түсіру орындарында өздерін ұстауы;
- 4) ілесіп жүрушілердің жүргізушімен өзара іс-қимылы;
- 5) салондағы жабдықтарды: желдеткіш люктерді, аялдауды талап ету сигналдарын, желдеткіштерді пайдалану;
- 6) автобустың аялдауы кезінде балаларды бақылау.

19. Нұсқаманы өткізу кезінде төтенше жағдайлармен байланысты мәселелер қосымша көрініс табады (мәжбүрлі аялдау, автобустың сынуы, ЖКО, терроршылардың автобусты басып алуы), соның ішінде:

- 1) жолаушыларды эвакуациялау тәртібі;
- 2) автобустан апаттық шығуларды пайдалану және құрылғыларды қолдану, оларды іске келтіру тәртібі;
- 3) өрт сөндіргіштерді, алғашқы көмек көрсете дәрі қобдишасын пайдалану ережелері.

20. Балаларды жаппай тасымалдау кезінде тапсырыс беруші ілесіп жүрушілерге алғашқы медициналық көмек көрсете мәселелері бойынша нұсқаманы медициналық қызметкердің жүргізуін қамтамасыз етеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК